



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

3D анимация киноәлем үшін шексіз мүмкіндіктер ашып, шынайылығымен таң қалдыратын қызықты кинофильмдер мен мультфильмдер жасауға мүмкіндік береді.

Елімізде осы саланың майталмандары шығармашылық пен инновация арқылы отандық анимацияның жақында әлемдік деңгейде танылуға болатынын көрсетуде.

Жерлесіміз

Бағлан Төлебай осындай асыл мұратқа қол жеткізіп жүр. Ол қазақ болмысын сапалы мультфильмдер арқылы әлемге танытып, қазақ анимациясының технологиясын арттырып жүр. Кейіпкеріміз «бұл – ең үлкен мақсатым» дейді.



Бағлан ТӨЛЕБАЙ, компьютерлік ғылымдар магистрі, «Dansai Academy» негізін қалаушы, SDU университетінің expertі, Naqhoz университетінің аға лекторы:

МАҚСАТЫМ – ҚАЗАҚ БОЛМЫСЫН САПАЛЫ МУЛЬТФИЛЬМДЕР АРҚЫЛЫ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТУ

– Көпшілік бара бермейтін, бұл салаға келуге батылдық керек тәрізді. Сіз алғашқы қадамды қалай бастадыңыз?

– Басынан бастасақ, бұл өте ұзақ әңгіме. 3D анимациямен 7-сыныптан бастап Қызылордадағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатқа оқуға түскенде айналыса бастадым. Бұл дағдыма бала кезімнен мультфильмдерге деген үлкен қызығушылығым себеп болды. Мысалы, бала кезімде «Наруто» және «Өрмекші адам» мультфильмдері мені қызықтырып, бұл мультфильмдердің анимациясының қалай жасалғанын зерттей бастадым. Кейін осындай мультфильмді өзім қалай жасай аламын деп ойладым. Мен анимация жасаудың әдістерін зерттеп, іздедім. Ол кездері үлкен ағам қазақ-түрік лицейінде оқып, сыныпта «Flash» бағдарламасында 2D анимация жасауды үйренген. Сол бағдарламаның негіздерін маған үйретті. «Дарын» мектебіне түскенде анимацияның түрлі салаларын оқуды жалғастырдым. Бір жылдан соң Алматыда оқып жүрген ағам менің туған күніме 3D анимация туралы «3D Max» кітабын сыйға тартты. Осы сәттен бастап 3D анимация мен мультфильмдер жасаудағы жолым басталды. Менің анимациядағы алғашқы қадамдарым қиын, бірақ қызықты болды. Мен бағдарламаларды үйренуге және алғашқы қарапайым үлгілерді жасауға бірнеше сағат жұмсадым. Бірте-бірте шеберлігім көтеріліп, күрделі жобалар жасай бастадым. «Дарын» мектебінде мен түрлі жобаларда топ жардым. Уақыт өте келе анимацияның хобби ғана емес, менің салам екенін түсіндім. Түрлі байқаулар мен көрмелерге қатысып, өз жұмыстарыммен таныстыра бастадым. Бұл маған осы саладағы кәсіби мамандармен кездесу, құнды кеңестер алуға мүмкіндік берді. Менің өмірімдегі маңызды сәттердің бірі – байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуым. Ол менің шеберлігімді одан әрі дамытуға және жетілдіруге шабыттандырды.

2-БЕТТЕ

■ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ СОҒҒЫ ЖЕКСЕНБІСІ – ЕҢБЕК КҮНІ

МАНДАЙЫ КҮНГЕ КҮЙГЕНДЕР, ЕҢБЕКТІҢ ДӘМІН БІЛГЕНДЕР...

Ертен – еңбек күні. «Кіндігінің қаны тамған жерге мандайының тері тамсын» деп жүрген әрбір жанның табанды еңбегі туған жердің төрінде бағалануы керек. Аяқ талып, бел бүгіліп еткен еңбегің еленіп жатса, мерейіңнің де тасығаны емес пе?! Біз бүгінгі санда еліміздегі еңбек адамдарына арнаулы бет жасақтадық. Шама-шарқымызша ел ішінде табан ет, маңдай терін салып жүрген жандар жылды жазуды жөн көрдік.

3-БЕТТЕ

ЕҢБЕК КҮНІНДЕ АРНАЙЫ ТЕХНИКА ТАБЫСТАДЫ

Еңбек күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтағы коммуналдық мекемелерге 52 жаңа арнайы техниканың кілтін табыстады. Жиынға Парламент депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов пен Мұрат Ергешбаев қатысты.

Аймақ басшысы сала еңбеккерлерін құттықтап, игі тілегін жеткізді. – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ел мүддесі – бәрінен биік. Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуге тиіс. Еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі» деген болатын. 2013 жылғы қарашада Президентіміздің Жарлығымен қыркүйектің соңғы жексенбісі Еңбек күні болып бекітілді. Бұл – жасампаз ісімен, маңдай терімен ел дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген сіздерге деген құрметтің белгісі. Сыр өңірі қандай жетістікке жетсе де, қандай биіктен көрінсе де, өздеріңіз секілді еңбексүйгіш азаматтарымыздың еңбегінің жемісі деуге әбден болады.

2-БЕТТЕ



«КІТАП - ҚАЛА» шаһар мерекесінің мәнін арттырды



Екі ғасырдан астам тарихы бар Сыр елінің бас қаласы Қызылорданың мерейтойына арналған мерекелер шеруі «Кітап қала – 2024» кітап жәрмеңкесіне жалғасты.

Алдымен қала әкімі Нұржан Ахатов бастаған Парламент Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқадамов және қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев Ы.Жахаев көшесінің бойына жағалай орналасқан кітап көрмесін тамашалады. Көрмені аралау барысында қала әкімі Нұржан Сәбитұлы жергілікті кітапханалар қорын молайту бағытында жан-жақты қолдау жалғаса беретінін жеткізді.

2-БЕТТЕ

АҚСУАТТАҒЫ АЙТЫС: «АУЫЛЫМ СҰЛУ СЫРДЫҢ ЖАҒАСЫНДА»

Қызылорда қаласының төл мерекесіне орай дәулетіне сәулеті сай Ақсуат ауылдық округінде «Ауылым сұлу Сырдың жағасында» атты республикалық ақындар айтысы өтті. Айтысты ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев халық мұрасын қастерлеген ауыл халқына тілегін арнап, ақындарға сәттілік тіледі.

– Қымбатты өнерсүйер қауым, қадірлі қонақтар айтсаңыз, тарқатсаң тарихқа сыймайтын алты Алаштың анасы атанған Сыр елінде, оның ұлы Жібек жолы бойында орналасқан тарихи тереңнен тамырлайтын Ақсуат ауылының өз ерекшелігі бар. Қала күні мерекесі аясында өткізіліп жатқан «Ауылым сұлу Сырдың жағасында» атты республикалық ақындар айтысының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Айтыс қиыннан қиыстырып сараптап, сөзбен қоғамның келбетін келтіретін қазақтың ежелден келе жатқан төл өнері. Айтыс ақындары бұл халық руханиятының барометрі секілді. Өйткені, олар біздің асыл

сөздерімізді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, ұлтты ұйыстырып отыр. Аты аңызға айналған Сүйінбай мен Қатағанның айтысы қырғыз бен қазақтың нағыз достығының дәлелі болса, қыз бен жігіт айтысының классикалық үлгісі ретінде берілетін Біржан мен Сараның айтысы аясында өткізіліп жатқан «Ауылым сұлу Сырдың жағасында» атты республикалық ақындар айтысының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Айтыс қиыннан қиыстырып сараптап, сөзбен қоғамның келбетін келтіретін қазақтың ежелден келе жатқан төл өнері. Айтыс ақындары бұл халық руханиятының барометрі секілді. Өйткені, олар біздің асыл



Арқалы ақындардың жыр додасында еліміздің әр түкпірінен келген 8 ақын сынға түсті. Алматы облысынан Сезімхан Шугайып пен Нұрмат Мансұров, Абай облысынан Рүстем Қайыртай мен Сырдария ауданынан Ерасыл Бәйментай, Шымкент қаласынан Тұрар Тілеулиев пен Арал ауданынан Ерженіс Әбдиев, Түркістан облысынан Бекарыс Шойбеков пен жерлесіміз, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов өзара бақ

сынасып, қара сөздің қаймағын киелі өлең жолдарына айналдырып, қарсыластарын ұтымды, тапқыр жауаптарымен тәнтгі етті. Ақсуаттықтар аламан айтыстың көркін қыздырып, ауыл халқын дүбірге бөлеген барлық ақынға ризашылықтарын білдіріп, қаржылай сыйақы табыстады. Дүбірлі айтыс додасынан соң ауыл халқы спорттық сайыстарды тамашалады.

Ғайһап ҚОЖАХМЕТОВА



ЕҢБЕК КҮНІНДЕ АРНАЙЫ ТЕХНИКА ТАБЫСТАДЫ

Коммуналдық сала еңбеккерлерінің халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру үшін бүгін облыстық бюджеттен 2 млрд теңгеге сатып алынған 5 арнайы техниканы «Қызылорда су жүйесі» мекемесіне, 23 көлікті «Жасыл Қызылордаға», 24 көлікті «Қызылорда тазалығы» мекемелеріне табыстаудамыз. Тұрғындардың таза, қолайлы ортада өмір сүріп, сапалы қызмет алуын жақсарту өте маңызды. Жаңа техникалар жұртшылықтың игілігі үшін қызмет етеді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, күні кеше жылу-электр орталығына 9 жаңа заманауи арнайы техника кілті табысталды. Барлық автокөлік халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес жаңа-жаңы тексеруден өткізілген, арнайы сұраныспен жергілікті жердің климаттық жағдайына бейімделіп дайындалған.



Коммуналдық салада еңбек ететін азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Айта кетейік, соңғы жылдары өңірде барлық саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға басымдық берілуде. Қоғамдық көліктің мәселесін түбегейлі шешу үшін 300 мектеп

оқушыларына 30 автобус, денсаулық сақтау саласына 70 желел жәрдем көлігі, орманшыларға 95 арнайы техника, ветеринария саласының мамандарына 59, құқық қорғау органдарына 92 қызметтік автокөлік алынды.

Коммуналдық салаға да жан-жақты қолдау көсетілуде. «Қызылорда тазалығы», КРЭК, «Қызылорда су жүйесі» мекемелеріне 42 арнайы техника табысталып, тұрғындар игілігі үшін қызмет етуде. Мұнан бөлек, «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауының жеңімпаздарына күнделікті ел тұрмысына қажетті, заманауи үлгідегі 48 арнайы техника берілді. Мұнан бөлек, биыл облыс тұрғындарының сұранысына сәйкес өңірдің барлық елді мекеніндегі денсаулық сақтау мекемелеріне 200 санитарлық автокөлік алынды. Оның 126-сы қолданыста, қалған 74-і жақын күндері табысталды.

«Ақмешіт-ақпарат»



«КІТАП - ҚАЛА» шаһар мерекесінің мәнін арттырды

Кітап мерекесі театрландырылған қойылыммен, концерттік бағдарламамен жалғасып, шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлы қала тұрғындарын кітаптың салтанат тағалымды мерекемен құттықтады.

Бүгінде қаламызда 21 кітапхана желісі болса, онда 650 мыңға жуық кітап қоры сақталған. Шаһар тұрғындары үшін кітапханалардың есігі арқашан ашық. Сондықтан да жастарымыздың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, рухани құндылықтарымызды сақтай отырып келер ұрпаққа аманаттау – баршамыздың борышымыз. Елімізде кітап оқу насихатын жоғары деңгейде жүргізіп жүрген барша кітапханашыларға алғысымыз зор, – деді Н.Ахатов.

Ұлт руханиятын қай кезде де жоғары қоятын сенатор Руслан Рүстемов кітапсүйер қауымға өзінің жүрекжарды лебізін білдірді.

Бүгінгі керемет шарала бас қосып отырғанмызға ризашылығымызды білдіреміз. Бүкіл әлемге танымал екінші ұстаз Әл-Фарабидің «Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту» деген тағалымды сөзі бар. Демек, біздің қасиетті ұғымдарымыздың бастауы – фольклор, жыр, дастан, ерте-ті, коссаларымызда. Бұл құндылықтарды балаларымыздың бойына ерте бастан қондыра білсек, олар ешқандай жат ағымдарға илікпейтін дінгеі берік, рухы асқақ, мызғымас тұлға болып қалыптасары сөзсіз.

Ал осы рухани құндылықтарымыз бен өнер қуатының көзі қайда? Әлбетте Абай атамыз айтқандай, артық білім – кітапта. Ал «Google» компаниясы ұсынған статистикалық деректерге шолу жасасак, дүние жүзінде Үндістан мен Қытай кітап оқудан оқ бойы озық тұр екен. Көрнекті ақын Иосиф Бродскийдің: «Егер бір адам кітап оқымаса, бұл – оның өз қасіреті, ал, миллиондаған адамдар кітап оқымаса, тұтас бір ұлттың қасіреті» деген сөзі бар. Сол себепті, өркениеттер қаттығысында ұрпағымыздың онық жемеуін ойласак шұғыл түрде ескеретін мәселенің бірі – бүгінгі ұрпақты кітап оқуға тәрбиелеу. Әдебиет әлемі зиялы қауымның шығармасы мен еңбегінен тұрады. Бізде зиялы қауым өкілдері көп емес. Сондықтан олардың әрқайсысын ерекше құрметтеуіміз керек, – деді Руслан Рүстемұлы.

Шара барысында қаламыздың үздік оқырмандары мен бірқатар кітапханашылар қала әкімінің арнайы алғыс хатымен марапатталса, шахмат пен тоғызқұмалақтан сайысқа түскен жеңімпаз оқушыларға медальдар мен мадақтамалар табысталды.

Гаухар АСҚАРҚЫЗЫ
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



АРДАН АТТАМАҒАН АБЗАЛ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес – ең өзекті мәселе. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кесел екені дәлелденген. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетіміздің алға жылжуына да кері әсерін тигізіп тұр.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу – Қазақстанның бүгінгі күні күрделі мәселесі. Өйткені, ұлтымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Сондықтан да онымен күресті тек заң қызметкерлері ғана жүзеге асырады деп бойымызды аулақ салмай, бірлесіп күресуге жұмылуымыз керек.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру жоғары маңызға ие. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігін білуі қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірінғай жалпы мемлекеттік

саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту – бүгінгі күндегі басты мақсат.

Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлықты алдын-алуға байланысты Қорқыт ата мемориалды музейінде тұрақты түрде жүйелі жұмыс жүргізіліп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспары бойынша біршама жұмыс атқарылып келеді.

Айгүл БЕРМАХАНОВА,
Қорқыт ата мемориалды музейінің
ғылыми қызметкері

КӘСІПОДАҚ – БІРЛІК ПЕН БЕРЕКЕ ШАҢҒЫРАҒЫ

Шаһардағы №5 И.Панфилов атындағы мектеп-лицейінде кәсіподақ ұйымының 100 жылдығына орай «Кәсіподақ – күш, сенім, абырой» атты мектебіміздің бастауыш кәсіподақ ұйымы төрайымы Гаухар Рақыжанова және кәсіподақ ұйым мүшелерінің жұмыс тобының ұйымдастыруымен кәсіподақ апталығы өтті.

Апталықтың ашылуында мектеп психологтары «Ой – сізден, сыйлық – бізден» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізді. Ақерке Әбішева мектеп фойесінде «Фотолар сыр шертеді» тақырыбында бейнеролик үзіндісін жасады. Ал Аймерек Бахуадин 10-11 сыныптар аралығында оқушылармен «Талғам. Таңдау. Мамаңдық. Еңбек орны» тақырыбында мектептің мәжіліс залында тренинг сабақ жүргізді.

Кәсіподақ ұйымының апталығы өз дәрежесінде, кәсіподақ мүшелерін серпиттетін қызықты ойын тренингтермен ашылып, ұстаздардың ризашылығына бөленді. Мереке барысында апталық жоспар бойынша кәсіподақ мүшелері Ержігіт Арыстанбеков пен Саят Алмабаев ұстаздар арасында «Көңілді эстафета» сайысын ұйымдастырды. Сайысқа мектептің пән бірлестіктері бойынша біршама белсенді мұғалімдер қатысты. Ал кәсіподақ мүшесі, әйелдер кеңесінің төрайымы Нури

Айпеисова «Отбасы тәрбиесіндегі ананың ролі» тақырыбында ұстаз аналар арасында дөңгелек үстел өткізді. Аналардың отбасындағы әйелдік ролін айқындау, ер адамның қазіргі таңдағы орны, отбасындағы беделін арттыру туралы ой бөлісу, балаларын білімге, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу жолдарын көрсету тәрізді тақырыптарды сыйдырған дөңгелек үстел кезінде тренинг жүргізілді. Ой жинақтау бойынша пікірлесіп, ситуациялық сұрақтарға жауап берді. Ұстаз-аналар ойларымен бөлісіп, жастарға үлгі боларлық кеңес айтты.

Сондай-ақ, жастар арасында дебат үйірмесі қолға алынып, жас ұстаздар арасында тартысқа толы алаң да қалыптасты. Кәсіподақ ұйымы мерекелерде әрбір қызметкерді назардан тыс қалдырмайды. Сондықтан бастауыш кәсіподақ ұйымдары қызметін жандандыру, кәсіподақ ұйымы мен кәсіподақ төрағаларының жұмыс берушілермен келісімді ынтымақтастықта жұмыс жасауларының алдында қатарлы тәжірибелерін анықтау, кәсіподақ ұйымының жұмысына қызығушылықты арттыру және мәртебесін көтеру мақсатында атқарылатын жұмыстар мұнымен бітпек емес.

Ақерке БАЛМАНОВА,
№5-мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 26 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ №345 ҚАУЛЫСЫ

Жер учаскелерін мемлекет мұқтажды үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымалы мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысына сәйкес, сондай ақ «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 12 қыркүйектегі №01-03/1532 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иелерінен және мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан Қызылорда қаласының аумағында орналасқан жалпы көлемі 23 420,0 (жиырма үш мың төрт жүз жиырма) шаршы метр жер учаскелерін немесе жылжымалы мүліктерді «Тәуелсіздікке 25 жыл» көшесін реконструкциялау» жобасын жүзеге асыру мақсатында осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажды үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 28 желтоқсан болып белгіленсін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, №43, №13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыларды ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының
әкімі

Н. Ахатов

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2024 жылғы «26» қыркүйектегі
№345 қаулысына қосымша

№	Жер учаскесінің бұрынғы кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің кәзіргі кадастрлық нөмірі	Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні	Көлемі, шаршы метр	Нысаналы мақсаты	Құқық түрі
1	10-156-030-1327	10-156-091-256	Жорабеков Досымжан Нұрлыбекұлы, Нұрлыбекұлы Рәсул	600,0	Бағбандық және саяжай құрылысы үшін	Ортақ үлестік меншік
2	10-156-030-809	10-156-091-253	Сарбаев Айдоос Қоңысбаевич	600,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
3	10-156-030-1326	10-156-091-174	Айжанов Қожамаурат Садуақасович	702,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
4	10-156-030-077	10-156-091-175	Ақылтаев Оразбек Серикович	600,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
5	10-156-030-007	10-156-091-116	Қадірқұлов Бекнәзіл Рахметович	600,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
6	10-156-030-1391	10-156-091-1000	Кенешев Жанабай	849,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
7	10-156-028-525	10-156-091-045	Сүлейменов Шаһит Асейітович	1200,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
8	10-156-028-625	10-156-091-384	Сағиитаева Дүйсенқұл	600,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
9	10-156-028-529	10-156-091-431	Абсалямова Гүлнұр Садуақасовна, Абсалямов Фарит Садуақасович, Абсалямов Зияур Садуақасович, Абсалямова Назира Садуақасовна, Абсалямов Равиль Садуақасович, Абсалямова Назиба Ханнановна	926,0	Бағбандық үшін	Ортақ бірлескен
10	10-156-028-541	10-156-091-513	Шаһиев Ардақ Ерсевич	1000,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
11	10-156-028-754	10-156-091-196	Базарбаев Бердіғұл Бердібекович	910,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
12	10-156-028-562	10-156-091-434	Хетағ Арина Николаевна	750,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
13	10-156-028-762	10-156-091-364	Қарақұл Райхан Жауақарқызы	601,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
14	10-156-028-747	10-156-091-408	Альжанов Гапымажан Куалмексанович	840,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
15	10-156-028-037	10-156-091-614	Бекбергенов Мешітбай	1100,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
16	10-156-028-626	10-156-091-392	Баязитова Ақгөніш Тақиевна	784,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
17	10-156-028-591	10-156-091-861	Байғүреев Марат Сапарбекович	800,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
18	10-156-028-587	10-156-091-246	Муханов Дастан Мұсинұмбаевич	800,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
19	10-156-028-617	10-156-091-161	Панабеков Болатбек Зияриевич, Тажиқова Сарақұл Еркінбаевна	1155,0	Бағбандық үшін	ортақ бірлескен меншік
20	10-156-028-773	10-156-091-329	Нұржанов Мұхтар Аманбайұлы	840,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
21	10-156-028-530	10-156-091-689	Құлмураева Роза Сейдахметовна	750,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
22		10-156-091-1039	Нейковчан Людмила Николаевна	1000,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
23	10-156-030-1260	10-156-091-770	Бейсенбаева Айзада Абубакировна	945,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
24	10-156-028-616	10-156-091-720	Жаналық Ақерке Жаналықызы	919,0	Бағбандық үшін	Жеке меншік
25		10-156-003-2075	Омаров Бағдархан Мұрситбекович, Аяпова Мірамқұл Жумабаевна	1000,0	Жеке тұрғын үй құрылысы үшін	Уақытша етуелі жер пайдалану
26		10-156-003-2076	Сырлыбаева Сафура	1000,0	Жеке тұрғын құрылысы үшін	Уақытша етуелі жер пайдалану
27		10-156-003-2130	Шамбилов Гафур Қуандықович	549,0	Жеке тұрғын құрылысы үшін	Уақытша етуелі жер пайдалану
28		10-156-003-2077	Токманбетова Мірамқұл Тұлебаевна	1000,0	Жеке тұрғын үй құрылысы үшін	Уақытша етуелі жер пайдалану
			Барлығы:	23420,0		

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ СОҒЫ ЖЕКСЕНБІСІ – ЕҢБЕК КҮНІ

Еңбек етсең, ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

АБАЙ.

МАНДАЙЫ КҮНГЕ КҮЙГЕНДЕР, ЕҢБЕКТІҢ ДӘМІН БІЛГЕНДЕР...

ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ



Күндегі әдетімен бүгін де ұйқыдан ерте ояндым. Күн шұғыласы көкжиектен енді ғана шашырап, таң сібірлеп атып келеді. Жалғыз аяқ сұрлеумен үлкен жолдың арғы бетіндегі шағын көпшікке жақындады. Әдеттегідей емес, бүгін жағалауда көл маржанына қармақ құрушылар көрінбейді. Ерте ояныпты. Кеше құрған ауына шаңа да түсіпті. Кішкентай немересінің шаянды қызықтап ермек қылып ойнағаны

қызык. Бір айналып келіп, кетпен жасап отырған атасының алақанына көзі түскен кішкентай немересінің «Ата, алақаның неге жарылып кеткен, неге тастай?» деген әртүрлі сауалдарды жолдағаны ойына түскенде мыра етіп күліп жіберді. Өңгіме төркіні саналы ғұмырының жарты ғасырын темірден түйін түйіп, ұсталыққа арнаған Құлахмет Аманов жайлы болмақ...

Темір жонумен ысталып, күнмен қақталып құрыш қолдарға айналған алақанына қарап, өткен өмір жолы көз алдына елестеді. Балалық шағынан ауыл баласы бейнетке бір табан жақын болады ғой. Әкесі бақшаға жеміс ағашының сан түрін өсіретін дихан кісі болатын. Балаларын жастайынан еңбекке баулып, қиындыққа мойымауға тәрбиелеп, бейнетпен шынықтырды. Бала қиялы темірден түйін түйетін шебер болды армандап, темір-терсекке өте үйір болды. Әкесінің бағбандық құрал-жабдықы а р ы н а

ансары ауып, мұны тек ерекше «отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын батыр, өжет адамдар ғана жасай алатын шығар» деген тәтті қиял балаң жігіт болғанда да санасынан шықпаушы еді. Сөйтіп жүргенде шақыру тиіп, әскерге аттанды. Қиыр шығыста әскери борышын өтеп жүргенде сәтін салып, ұшақ бөлшектерін жасайтын зауыттағы жұмысшылармен дидарласып, шеберлерден көп нәрсені үйреніп, балалық шақтағы арманын жүзеге асыратын сәт туған болатын. Анатолий Куварцын деген темір бөлшектерін құрастырушы шеберден алғашқы дәрісін алып, тәжірибе жинай бастайды.

Әскерден келгеннен соң да темір ұстасы кәсібімен Жалағаштағы ПМК-да 13 жылдан аса еңбек етіпті. Өзінің жеке ұстаханасы да болды. Диканшылық жасап, әкесінің кәсібін жалғастырмаса да дикандарға керекті кетпен, күрек, орақ, шалғы, пышақ, қол арба жасады. Темірді балқытып, оған екінші өмір бергенде, шабыты шалқып, ән де айтатын еді. Ұлттық аспабымыз – кара домбыраның қоныр үніне ғашықтығы өз алдына, шертіп сергитін де өнері бар. Өзіне тән әдемі қоныр дауысын айтсаңшы. Әншілік пе, әлде темір ұстасы ма деп мамандық таңдағанда қателеспепті. Ішкі түйсігі адастырмағанын өз ісінің шебері болған шақтан сезіне бастады. Табаны күректей 40 жылдан астам уақыт темір жонып, өз кәсібінің майталман шебері атанып өз несібесін таза маңдай тер, адал еңбекпен тауып келеді. Қалаға қоныс аударғанда отбасымен тұратын баспанасы да болған жоқ. Пәтер жалдап, осы кәсіпті қажырлықпен жалғастыра берді. Кәзіргі еңбек етіп жатқан «ДорСтрой» ЖШС мекемесі өте қажетті мамандықты игерген шеберге барлық қамқорлықты жасап, 8 бөлмелі үй салып алуға жәрдем көрсетті. Құрметке бөленіп, ұжымның ұсынысымен алғыс хаттар, қаржылай сыйлықтар да іемденді.

Өз бақытын темір ұстасы мамандығынан тапқан біздің бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері құрыш қолды, құрметті азамат қала тұрғыны – Құлахмет Аманов көп сөйлемейді, сөзден гөрі істі құп көріп тұрады.

– Менің мәртебем – мамандығым. Жоғары білім алмасам да, жоғары білімді тоқармын.

Ең бастысы, мен адамдарға аса қажетті зәру мамандықты игердім. Жарты ғасырға жуық тәжірибемде шәкірт баулыдым, шеберлік мектебінен өттім. Бұл мен үшін баға жетпес

қазына. Мен өз кәсібімді сүйіп, темірден шілтермен кесте тоқыған жанмын. Балаларым – байлығым, мамандығым – айыным. Өзімнің перзенттерім қазір жетілді. Ұлымды ұяға, қызымды қияға қондырдым. Шүкір, немерелерім де ер жетті. Есіктің алдына да бақша өсіріп қойдым. Су жетпейді, Қызылордада дым өспейді деген құр сөз. Ол – жалқаулық. Есіктің алдына бүкіл жеміс ағаштарын ектім. Олар жеміс беріп тұр. Бақша дақылдарынан қияр, қызанақ, асқабақ, жуа, сәбіз өнімдерін егіп, күнделікті қажетімізге жаратып отырмыз. Бақтың ішіне кіргенде жұмыстан шаршағаның ұмытылып кетеді. Тіршілік иесі болған соң адамға қимыл-қозғалыс өте керек. Мен зейнетке шықсам да, жұмысымды жалғастырып жатырмын. Себебі, өте керек мамандық. Жеңілдік астымен, ауырдың үстімен жүретін заман емес қазір. Еңбек етпесен тоқ болмайсың. Жасым ұлғайса да қарап отыра алмаймын. Біреудің көлігінің темірін қонып берсе де, отбасымды асырап жатырмын, – дейді шебер.

Жалқаулыққа жаны қас шебер қазіргі жастардың осы мамандыққа тәуекел етіп бара бермейтініне қынжылады.

– Кәсіп жоқ, бос жүрген жұмыссыздар қиын жұмысқа келгенде енжарлық танытады. Ал қазір мемлекеттің назары түскен темір ұстасы мамандығын тегін алуға мүмкіндік бар. Мұндай мүмкіндікті жіберіп алмай, біз секілді ұзақ жылдық тәжірибесі бар кәсіби шеберлерден үйренген жөн, – деп өз ойын сабақтаған шебер жұмыс орнына жайғасып, күнделікті жұмыс ырғағына кірісіп те кетті.

Иә, ысталған алақанымен темір балқытқан шебер өз кәсібін мақтан тұтады. Бақытын еңбектен тапқан азаматқа біз де сүйсіне қарайдык.

Гайһар АСҚАР



«ТРАКТОРШЫ ГҮЛСАРА»

Бала күнімізде «Тракторшы Гүлсара» әнін естіп, әнге қосып айтатын қызды көруді армандайтынбыз. Ол қыз тракторист дегенде тіпті қызға қарап, «өзі нәп-нәзік қыз бала да өзінен алып трактордың руліне қалай отырған, темір тұлпарды қалай тізгіндеген?» деген сауалға жауап іздейтінбіз. Ол заманда сауыншылар, күршішілер, трактористер жалпы қара жұмыстың қазанын қайнатқандар газет пен журналдың басты бетінен түспейтін еді ғой. Бертін келе есейгенде білдік. Сол танымал әнін сөзінің авторы Мақмұтбай Әміреев ағамыз екен де, әнінің авторы Тәңірберген Қалауов деген белгілі сазгер екен. Тіпті атақты ақын Асқар Токмағамбетов ағамыз да тракторист Гүлсара Қуандықова апамызға өлең арнапты:

«Көрдін бе, Гүлсара – тұлпардай.

Тұлатып трактор мінген қыз.

Қиядан ұшқан бір сұңқардай,

Москва, Кремль – барлығын көрген қыз.

Гүлсара, талпынсаң тас жарып,

Тауға шық атыңды тұлпар ғып.

Жолың тұр жаңадан басталып,

Жақсы ісің көбейсін құптарлық.

Осындай аты кенес дәуірінде аңызға айналған апамыз біз қоныстанған Тасбөгет кентінде тұратынын білмеймін. «Сабақты ине сәтім» дегендей кездесудің де сәті түсе кетті. Сөзге сараң, іске мығым кісі екен. Сұрақтарымызға байыппен жауап берді.

– Жалағаш кентіндегі №123 орта мектептің сегізінші сыныбын бітіргеннен кейін №15 кәсіптік-техникалық училищенен механизаторлық мамандық алып шықтым. 15-16 жасымда өзімнің кіндік кескен «Еңбек» колхозында «Беларусь» тракторына отырып, жұмыс бастадым. Алғашында оңай болмады. Темірді бағындыру үшін темірдей төзім керек. 1965 жылдық көктемгі егін науқанында «ДТ-75» жаңа тракторы маған сеніп тапсырылып, «Жақавшылар участогы» бекітіліп берілді. Атақты еңбек ерінің участогына ауылдың атақты күршішілері – Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Сәрсен Балқубаеваның, «Еңбек Қызыл Ту» орденді Рысалды Сүлейменованың егіні орналасқан еді. Сол жылы бақытыма қарай күршіш бітік шығып, жоспарлаған межеден жоғары өнім алдым. Он сағатқа дейін трактор рулінен түспей еңбек еткен кезіміз болды. Мамандығымды мақтан тұттым. Жыл бойы бел шешпей тер төктім. Үзбестен он жыл бойы, яғни 1972-1982 жылға дейін трактор рулінде отырдым, – дейді абзал ана.

Сексеннің сегізіншісінде Гүлсара апамыз өткен күндерді толқып еске алды. Мәскеудегі механизаторлар жарысына қатысқан 22 адамның 20-сы – ер адам, екеуі ғана қыз бала екен. Бірі – Гүлсара Қуандықова болса, екіншісі – Украинадан келген Валентина Беснятая есімді ару болып шықты.

Кенес дәуірінде Мәскеу төрінде күллі трактористерден алға озып, бас жүлдені жеңіп алған қаршадай қызға ауыл шаруашылығы министрлігінің «Құрмет грамотасы», «Урал» мотоциклі, «Комсомольская правда» газетінің «Алтын дән» жүлделі сыйлығы, «Крестьянка» журналының «Орбита» транзистрі тарту етілді.

Осындай құрметтен кейін Гүлсара қыздың бастамасымен трактор тізгіндеген арулардың саны артты. Еңбек етуге деген құштарлық оялды. Сөз басында айтқандай бақытын еңбектен тапқан ару туралы «Тракторшы Гүлсара» әні өмірге келді.

Жақсы үмітпен бір жарқ етіп жанары,

Дүбірлетіп жатқан байтақ даланы.

Таннан тұрып темір тұлпар мінген қыз,

Қырка жаққа қайта кетіп барады.

Бақытыңды шың сана,

Өміріңді гүл сана.

Жарыстағы құрбыңды,

Жаныңда әркез бір сана.

Ер еңбекте жүлде алған,

Тракторшы Гүлсара.

Қыз арманы қайта бүгін гүлдеді.

Бақытпен бал-бұл жанып тұрды өні.

Өнерлі қол өрге шаппып жарыста,

Озып шығып, жеңіп алды жүлдені.

Сол сағым жылдардан бері де жарты ғасырдан аса уақыт өтіпті. Құрыш қолды комсомол қатарында шыныққан қыз, бүгінде 8 немеренің әжесі, ардагер ана, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы. Гүлсара Қуандықова апамыз бүгінде Тасбөгет кенті 3.Шүкіров көшесінде тұрады. Жолдасы, милиция майоры Аққали ағаймен екеуі Ботағоз, Сайран және Ибрагимбек атты балаларды дүниеге әкеліп, жеткізген. Мәуелі бойтеректей өсіп-өнген отбасында еңбекке деген құрмет жоғары.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ҚҰРЫЛЫСТА ЖАЛҚАУЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ



оның бойындағы талап пен ынта өнерді үйреніп алуға бейім екенін байқатады.

– Он жыл құрылыста түрлі жұмыс істедім. Түріне қарап, бөлмеіміз Әмбебап маманға айналдық. Соған кейін өзім жаңа ұста жалдамалым болдым. Міне, сол уақытта бірде-бір іске білсең, үйренсең, алдына мақсат қойсаң, оған міндетті түрде қол жеткізесің, – дейді шебер.

Үйдің іргетасынан қағу, ору, сылау, елестіріп, үйдің төбе жабындысын қағу тәрізді барлық жұмысты меңгерген тәжірибелі шебер. Бұған дейін де жас мамандарға ұста болып, өнер менен оқыған Ұлықпан деген шәкіртім бар. Құрылыстан бастап, олар ертен келген балаларды қол көрермін. Қазір балға мұдден хабары болмай келген Нұрбек бауырым қазір менімен табуына шақырамын. Бір қазактың аяғынан нық тұрып несібесін жыйды он екі айында да еңбектеніп, маңдай терімен жауапкершілік болу керек екенін айтады. Өйткені, Мақсат Жұмабекұлы, – мен үшін үлкен жетістік, – дейді қой.

Өзі ұстаың баласы болғанымен ұсталықтың әліптесін дәуірінде. Олар ертен келген балаларды қол көрермін. Қазір балға мұдден хабары болмай келген Нұрбек бауырым қазір менімен табуына шақырамын. Бір қазактың аяғынан нық тұрып несібесін жыйды он екі айында да еңбектеніп, маңдай терімен жауапкершілік болу керек екенін айтады. Өйткені, Мақсат Жұмабекұлы, – мен үшін үлкен жетістік, – дейді қой.

Жаз мезгілінде сыртқы құрылыс жұмыстарымен айналысатын шебер қыс мезгілінде үй ішіндегі жұмыстарға кіріседі. Қазір де ол облыс бойынша тапсырыстармен жұмыс істеуде. Елдің Мақсат әрбір біткен жұмыстан соң алғыс арқаппа, қолдиді жүрді. Борекелді демесеке амалын жоқ.

Дәулет ҚЫРДАН

Көмір баев жырма жылдан бері құрылыс саласында еңбек етіп жүр. Әдегенде бір компанияға жұмысқа түріп, табаны күректей он жылда құрылыс жұмыстарының бірнеше ментеріп шықты. Үнемі терен ізденіс үстінде жүретін Аллаға

ЕҢБЕГІ ЕРЛІКKE ПАРА-ПАР

Сырда Бектай есімді бағбан ақсақал бар. Қандай ағаштың көшеті керек болса да, оның ауласынан таба аласыз. Тіпті сырттан әкеліп, осында жерсіндіргені де жетерлік. Оның бағында жүрсеніз, көзге көрінген қыруар еңбекті 80-нен асқан ақсақалдың өзі атқарғанына таң қаласыз. Ол осыған дейін 2 миллионнан астам көшет отырғызған.

– Жақында ғана Сарыағаш жақтан келдім, – деп әңгімені өзі бастаған еді бұрнағы жылы барғанымда. – Бақта жүзімнің үш түрі бар. Бірақ көп жылдардан бері «Бычий глаз» жүзімінің сортын іздеп жүріп, Сарыағаштан тауып, әкелдім. Бұл Өзбекстанда жақсы өсетін жүзім. Енді менің бағымда да өсетін болды, – дейді балаша қуанып.

Бектай ақсақалдың бағында өнірге тансық қылқан жапырақты ағаштардың тұр-түрі бар. Тіпті, жасыл аршаның өзі жайқалып өсіп тұр. Бағбан бабын тапсаң, барлық ағаш түрін өсіруге болатынын айтты.

– Есімді білгелі көшет егіп келе жатырмын. Негізгі ең бірінші шпін шөп өсіруден бастадым. Ал қаланың сырт жағында 1990 жылдан бері тұрып жатырмыз. Жалпы 25 гектар жердің 5 гектары баққа арнадым. Басында қиын болды. Бірақ тынбай гектары баққа арнадым. Басында қиын болды. Бірақ тынбай тіршілік еткенін арқасында бейнеттің зейнетін көріп отырмын. тіршілік еткенін арқасында бейнеттің зейнетін көріп отырмын. Қызылордада өсіп тұрған ағаштардың 60 пайызын мен өсірдім. Түрлі ағаштың тұқымын егеміз. Теректің бірнеше түрі,

арша, жергілікті қарағай бар. Барлығын қосқанда 20-дан астам түрі жайқалып тұр. Бойы 1,5-2 метр болған кезде қопарып алып, жұртқа бере бастаймыз, – дейді кәсіби бағбан.


Тіршілікпен етене болғандықтан бағбан әлі тын. 5 гектар аумақтың шаруасын бір өзі дөңгелентіп жүр. Мұнда сәндік ағаштармен қатар, жеміс ағашының 10-нан аса түрі бар. Тәжірибе жасаудың арқасында бағбан тек жылы жақта өсетін анар ағашын да осында жерсіндірген екен.

– Анарды өсіріп, жемісін жедік. Шындап келгенде, жемістің кез-келген түрін өсіруге болады. Тек оған ынта мен еңбек керек. Барлық ағаш өседі. Мисалға, арша бұрын өспейтін.

Мен осы жерге келгелі бірнеше жыл болды. Аршаны өсірдім. Қарағай өспейді деген, қазір қарағай жайқалып өсіп тұр. «Қызылордада ағаш еккенмен өліп қалады» деген нағыз жалқау адамның сөзі, – делі бағбан Бектай Сүлейменов.

Әуешай жолымен өткенде Бектай бағы еріксіз өзіне мойын бұрғызды. Бір өзі бір ұжымның жұмысын қолға алған ақсақалдың еңбегі ерлікке пара-пар.

«Ақмешіт-ақпарат»





САҒЫНЫШ ПЕРНЕСІ

Мен ұстаздар отбасында өмірге келдім. Біздің бала кезіміздегі ең бірінші талап – тәрбие, екіншісі, білім алу еді. Ес жиып, етек жинағалы шаңырағымызда тек қана әдебиет жайлы, ар жайлы әңгімелер қаузалатын. Үнсіз ұғынысып, сөзсіз түсінсетін әкеміз бен анамыз үйде де педагог секілді еді. Еркелетулерінің де, маңдайдан өбулерінің де өзіндік өлшемі болатын. Әбәттеуден, өміренуден туындайтын сезімдердің қадірі кетпесе дей ме, әйтеуір, біз әке-шешеміздің «айналайын» деген бір ауыз жылы сөзін есту үшін тәрбие шеберінен шықпайтынбыз, «алтынмыз» деген бір ауыз лебің тыңдау үшін үздік оқуға тырысатынбыз. Есейдік, отбасын құрдық, аз-көп шай-үсті кикілжіңдерге кезіктік... Шынымды айтсам, өмірде ондай кикілжің болып тұратынын білмей келіпін. Себебі, ата-анамыз балаларының көзінше ешқашан «шай» деспейтін.

Иә, оқырман, мен әкем мен анам жайлы сөз бастадым. Әкем Қуаныш Нысанұлы 1944 жылдың 13 сәуірінде Қызылорда облысының Жалағаш ауданына қарасты Аққұм совхозында дүниеге келген.

1965 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының жаратылыстану факультетіне түсіп, 1970 жылы химия-биология пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шығып, үлкен өмірге қанат қаққан. 1970 жылы Жалағаш аудандық білім бөлімінің жолдамасымен Аққұм совхозындағы №188 орта мектебіне анамыз Иля Махамедқызымен қатар келіп, бірі математика, бірі биология пәнінің мұғалімі болып, ұстаздық жолын бастаған.

Біздің ауыл өзіне ғана жарасымды қонысқа иіспейтіндігі бар, мамыражай қалыпты кеңшар еді. Адамдары әндітпін жүретін. Ұстаз сыйлай білетін. Сонан ба, ұстаздарды хан көтеретін ауылда біз ханзада-ханшайымдардай құмбар кештік. Ауылдастар өте еңбеккер еді. Дәл қазіргідей тапқа бөліну, бейнетті біреу жасап, зейнетін бөтен көру деген жоқ, бәрі тең еді. Аналарымыз көрпесіне сағынысып тұратын, жүздеспесе жабығысып қалатын. Оларға ортақ ұқсастық – бәрі отағасын құдайындай көретін. Әкелерімізді Алауаудан биік етіп көрсететін. Әкелердің қаһарлы мінезіне міз бақпай құмбар кешетін. Қазіргідей әйелдердің зәрілі дауысын мүлдем естімейтінбіз. Сондай сұлу көрінестердің қабырғасын кім қалайды? Әрине, ауыл ұстаздары мен олардың бір сөзін жерге тастайтын таза қорға. Міне, менің әкем мен шешем сондай қайраткер жандар болды. Мамыр сайын әр жылдардағы шәкірттері қияға қанат қондыртып, жылдар

өткесін әкеміз бен шешемізге алысқа білім сапарына кеткен ұл-қыздарындай жапырлап келіп, алғыс жаудырып жататын. Сондай сәттерге сүйсініп өскен мен әр күн сайын ұстаз болсам деген арманмен оянушы едім.

Біз – педагогтыз. Алдымызға мыңдаған тағдыр, мыңдаған тап-таза жүрек келеді. Сия тимеген парактай аппақ кеуілдерге не жазсаң, шәкірт соны оқып, соны тоқып өмірін өткізеді. Менің кеуілдегі ұстаз әке-шешемнің қолтанбасы да мені өз мамандығынан ешқашан жерініп көрмеген адамға айналдырғандай.

Жасамыз кәзір елуге жақындалды. Кейінгі толқын өздеріне үлгілеп жатады, кейде ата-аналар, әріптестер майталман маманға теңейді. Мен бұған қалай қол жеткізім, әрине, «күпі киген қазактың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын!» – деген Мұқағали жырындағыдай әке-шешемнің ұстаз тағдырын қайталауға тырысып күн кештім. «Әке-шешенің тағалымы балаға мың жылдық аса» деген сөз рас екен.

Білім саласында еңбек етемін дедім ғой. Біраз жыл мектеп басышының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары да болдым. Баламен басталып, ата-анамен һәм қоғаммен аяқталатын ағарту ісінің қатпары-бұлттарысын көп көрдік. Жалғыз балағана жаңушығандай боп ата-ана келеді. Көбі өткен дәуірдің тәрбиесін көргендер, кейбіреуіне мораль жетіспейді, мораль болғанда, әкеге қарап өспеген ұлдар мен анаға қарап өспеген қыздардың дайындығын күйде ата-ана болуы бала болашағына зор зақым келтіріп жатады. Сонда, «алты аған қосылып әкең, жеті жеген қосылып шешен бола алмайды» деген қазақ сөзіндегідей жанып тұрған балалардың ата-анасы бала алмайтынмыз еске түсіп, бармақ тістейміз. Барлық әке-шеше біздің ата-аналардай болғанда ғой дейсін осындайда.

Жақинда анам өмірден өтті. Ұрпағы үшін дұға етуден талмаған анамың аялы алақаны соңғы сәтіне дейін жип-жылы болып тұрды. Қабіріне кеткенше жүзінен нұры таймады. Бауырларым «өмірден анам кетті» деп босап жатса, мен «өмірден мықты ұстаз кетті» деп те жыладым. Себебі, анам – менің педагогикадағы идеялым еді... Бұл ұстаз жанымның күнделігіне түскен сағыныш жазулары. Ал, кеудемдегі күрсін – анама деген мәңгілік сағыныштың сазы. Бақұл бол, ұстаз-ана! Мен дай сұлу көрінестердің қабырғасын кім қалайды? Әрине, ауыл ұстаздары мен олардың бір сөзін жерге тастайтын таза қорға. Міне, менің әкем мен шешем сондай қайраткер жандар болды. Мамыр сайын әр жылдардағы шәкірттері қияға қанат қондыртып, жылдар

Нұрғұл НЫСАНОВА,
Мұстафа Шоқай атындағы мектеп-лицей директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Бағлан ТӨЛЕБАЙ, компьютерлік ғылымдар магистрі, «Dansai Academy» негізін қалаушы, SDU университетінің
эксперті, Нархоз университетінің аға лекторы:

МАҚСАТЫМ – ҚАЗАҚ БОЛМЫСЫН САПАЛЫ МУЛЬТФИЛЬМДЕР АРҚЫЛЫ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТУ

– Анимациялық мультфильмдерді жасауда қандай бағдарламаларды жиі қолданасыз?

– Оқуымын басынан бастап осы уақытқа дейін мен 3ds Max бағдарламасын пайдаланып келемін, өйткені дәл осы бағдарламада 3D анимация және графика әдістерінің барлық түрлерін орындауға мүмкіндік береді. Сәулет, визуализация, компьютерлік ойындарға арналған модельдер, анимация, мультфильмдер немесе киноға арналған арнайы эффектілер – мұның бәрі «3ds Max»-те қол жеткізе алатын іс. Бұл бағдарлама – анимацияға арналған ең жақсы және жоғары деңгейлі бағдарламалық құрал. Соңғы кездері кеңінен қолданылатын «Maya», «Cinema 4D» және «Blender» сияқты көптеген анимациялық бағдарламалар бар. Дегенмен менің таңдауым «3ds Max», өйткені бұл бағдарламада көптеген танымал мультфильмдер мен фильмдер жасалған. Мысалы, «Гарри Поттер», «Кариб теңізінің қарақшылары», «Тактар ойыны» сияқты фильмдер, сондай-ақ Дисней мультфильмдерінің барлығы «3ds Max» жүйесінде жасалған. «3ds Max» жоғары сапалы анимация мен графиканы жасауға қажетті барлық құралдарды ұсынады. «3ds Max» таңдауымның бір себебі – оның әмбебаптығы. Анимацияны жасауға үйренуді жаңадан бастағандар үшін де, тәжірибелі пайдаланушылар үшін де қолайлы. Ол оқу үдерісін қолжетімді және түсінікті ете отырып, әртүрлі оқу материалдары мен ресурстарын ұсынады. Сонымен қатар «3ds Max» басқа бағдарламалармен және плагиндермен интеграцияны қолдайды, бұл анимация мен графиканы құру мүмкіндіктерін кеңейтеді. «3ds Max» тағы бір артықшылығы – оның сенімділігі. Бағдарлама үнемі жаңартылып, жетілдіріліп отырады, бұл пайдаланушыларға 3D анимация саласындағы соңғы трендтер мен технологиялардан үнемі хабардар болуға мүмкіндік береді. Бұл жоғары сапалы және заманауи жобаларды жасауға ұмтылатын мамандар үшін өте маңызды.

– Әрбір жетістік – адам деңгейінің көрінісі. Сондықтан байқаулар мен сынақтар арқылы шыңдалуға болады. Сіздің анимация саласындағы жетістіктеріңіз қандай?

– Менің 3D графика саласында көптеген жетістіктерім бар және олардың арқасызы менің өмірімде маңызды кезең болды. Қазір мен «Аватарды» техникалық директоры, менің менторым Александр Рихтердің жетекшілігінде техникалық директор болу үшін оқудан өтіп жатырмын. Александр Рихтердің оқытуы бұл саланың толық функционалдығын және функцияларын жүйелеуді меңгеруді қамтиды. Бұл процесс техникалық директор жұмысының барлық аспектілерін тереңірек түсінуге және алған білімді тәжірибеге қолдануға мүмкіндік береді. Оқуды аяқтағаннан кейін анимация саласындағы маман ретінде біліктілігім мен мәртебемді растайтын арнайы сертификат алдым. Бұл сертификат маған жаңа мүмкіндіктер ашып, техникалық директор ретінде ірі жобаларға қатысуыма септігін тигізеді. Менің 3D графикасындағы жетістіктерім кәсіби қоғамдастықта жоғары бағаланған күрделі модельдерді, анимацияларды және визуализацияларды жасауды қамтиды. Мен архитектуралық визуализациядан бастап фильмдер мен мультфильмдерге арналған арнайы эффектілерге дейін әртүрлі жобаларды әзірлеуге қатыстым. Әрбір жетістік мен үшін кәсіби өсу мен даму жолындағы маңызды қадам болды. Мен саланың жоғары стандарттарына сай болу үшін үнемі өз біліктілігім мен білімді жетілдіруге тырысымын. Александр Рихтер сияқты тәжірибелі маманнан білім алу менің кәсіби көкжиегімді айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік берді.

– Жастарды анимация мен 3D графика оқытатын «Dansai Academy» онлайн анимация академияңыз қашан ашылды? Бұл орталықтан үйреніп, тәжірибе жинағандар көп шығар...

– Dansai Academy – Қазақстандағы тұңғыш 3D графика саласындағы қазақша академия. 2019 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан бұл академия 1000-нан астам студентті оқытқан. Академияның басты мақсаты – қазақ тілінде 3D модельдеу мен анимация саласындағы білімді жетілдіріп, жаңа мамандарды дайындау. Алғашқылардың бірі болып 3D анимация бойынша қазақша кәсіби курстарды дайындап, білімді жастармен бөлісіп жүрмін. Қазір Нархоз университетінде аға оқытушымын. 3D анимация бойынша осы кезге дейін көптеген шәкірт даярлап шықтым. Сонымен қатар С.Демірел университетіндегі лексертіпін.

– 3D модельдеу және 3D анимацияның болашағы туралы не ойлайсыз? Осы салада жасанды интеллектті пайдалану бұл салаға өзгеріс әкеле ме?

– 3D модельдеу және 3D анимация саласындағы перспективалы болады. Бұл технологиялар дамып тренде қалады, өйткені, олар біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Мысалы, «Шрек» және «Риха» мультфильмдері сияқты бала кездегі сүйікті мультфильмдер 3D графика арқылы жасалған. Көпшілік жасанды интеллекттің дамуымен 3D графика әлемі толығымен өзгеріп, барлығы тек 3D технологиялары арқылы жасалады деп санайды. Дегенмен, айтарлықтай жетістіктерге қарамастан, 3D технологиялар тек мамандардың жұмысына көмектесіп, жеңілдетеді, бірақ оларды толығымен алмастыра алмайды. «Metaverse» 3D технологиясы арқылы салынғанын біреміз білеміз. Тіпті «Facebook» өз атауын «Meta» деп өзгертті, бұл біздің өмірімізде 3D



технологияларының маңыздылығын атап көрсетеді. Болашақта бұл 3D анимация, графика және модельдеу арқылы жасалған виртуалды әлемдерге енуге мүмкіндік беретін 3D көзділдіктерін қолданамыз. Қазірдің өзінде 3D көзділдіктерін ойын-сауықтан бастап, білім беру мен медицинаға дейін әртүрлі салаларда белсенді түрде қолданылады. Олар неғұрлым шынайы және интерактивті виртуалды орталарды құруға мүмкіндік береді, бұл оқу мен жұмыс үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. 3D модельдеу және 3D технологиясы инновациялармен және жаңа тәсілдермен дамуын жалғастырады. Мысалы, 3D модельдеуде жасанды интеллектті пайдалану көптеген жұмысты айтарлықтай жылдамдатады және жеңілдетеді. 3D технологияларын дамытуға виртуалды және толықтырылған шындық та маңызды рөл атқарады. Бұл технологиялар сандық мазмұнды шығармашылық пен өзара әрекеттесу үшін жаңа көкжиектерді аша отырып, неғұрлым иммерсивті және шынайы виртуалды әлемдерді құруға мүмкіндік береді.

– Еліміздегі 3D анимация саласын дамыту туралы ойыңызбен бөліссеніз. Біздің елде бұл бағытта қандай мүмкіндіктер бар?

– Дамыған елдерде, әсіресе Америка мен Еуропада, 3D графика саласы бойынша қауымдастықтар қалыптасқан. Бұл қауымдастықтар арнайы сертификат беретін мекемелермен қамтамасыз етілген. Ал біздің елімізде бұл сала әлі де болса қатты дамымаған және қауымдастырылмаған. Әркім өз бетіне үйреніп, осы салада білімін арттыру үшін шетелде білім іздеуге мәжбүр. Бұл жағдай қиындық туғызды. Осы салада басын біріктіретін қауымдастық немесе ұйым болуы керек деп санаймын. Мен қазір осы салада жұмыс істемеймін. Еліміздегі мамандарға мониторинг жасап, бүкіл 3D графика мамандарын біріктіріп, оларға елімізде жұмыс табуға көмек көрсетіп жүрмін. Маман іздеп жүрген студияларға да көмек көрсетіп, қажетті мамандарды табуға жәрдемдесемін. Мақсатым – осы саланы кәсіби деңгейге көтеру. Осы саланы дамытып, шетелге танылып, нарығына шығып, өз анимация мен графикамызды ұсына аламыз деп сенемін. Қазіргі таңда Голливуд анимация мен графиканы көбінесе Үндістан мен Қытай мамандары жасайды. Ал егер біз осы саланы жақсы меңгерсек, біз де осы салада үздік болармыз анық. Себебі жастарда ынта мен қызығушылық бар. Біздің елде 3D графика саласын дамыту үшін біріншіден, арнайы оқу орнындарын ашу керек. Бұл оқу орнында 3D графика саласында кәсіби мамандарды даярлауға бағытталуы тиіс. Екіншіден, шетелдік тәжірибені зерттеп, оны елімізде қолдану қажет. Үшіншіден, 3D графика саласында жұмыс істейтін мамандарды қолдау және ынталандыру шараларын енгізу керек. Сонымен қатар 3D графика саласында жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттыру үшін арнайы курстар мен семинарлар ұйымдастыру қажет. Бұл курстар мен семинарлар мамандардың кәсіби деңгейін көтеруге және жаңа технологияларды меңгеруге көмектеседі. Жастардың ынта мен қызығушылығын пайдаланып, осы саланы кәсіби деңгейге көтеру – біздің басты мақсатымыз.

Қазақстанда 3D модельдеу саласын дамыту үшін көптеген ресурстар мен мүмкіндіктер бар. Бұл бағытта жұмыс істейтін әр түрлі компаниялар мен ұйымдар бар. Мысалы, «Қазақфильм» киностудиясы, «Ара» студиясы және университеттерде осы салаға арналған мамандықтар бар. Сүйеймін Демірел атындағы университетте мультимедиа мамандығы оқытылады, Нархоз университетінде де осы мамандықты ашу жоспарлануда. Бұл мамандықтар арналған студиялар мен лабораториялар серверлер арқылы жұмыс істей алады. «Қазақфильм» киностудиясында «Қазақ Анимация»

бөлімі бар, ол барлық қажетті жабдықтармен және арнайы графикалық планшеттермен қамтамасыз етілген. «Ара» студиясы елімізде жоғары сапалы мультфильмдер жасауда. «Балапан» арнасында «Дала animation» студиясы жұмыс істейді, ол да көптеген мультфильмдерді осы арнаға арнап жасаған. Мен де «Ер Төстік» атты арнайы мобильді ойынды жасаудамын, ол да 3D графика арқылы жасалған. Бұл ойын еліміздің болмысын көрсететін қазақи ұлттық ойындардың қатарында.

– Қазақ анимациясының болашағы туралы ойыңызбен бөліссеніз. Биіктерді бағындыратынын үміттенеміз ба?

– Әрине. Қазақ анимациясының болашағы өте зор. Елімізде осы салаға қызығушылығы жоғары жастардың қатары қалып. Жастарды осы салаға тартып, 3D саласын жақсы меңгертіп, олардың потенциалын ашып, әлемге танылуға мүмкіндік бар. Қазіргі таңда анимацияда үлкен жетістіктер болмағанымен, балаларға арналған қазақша контентті дамыту – біздің басты мақсатымыз. Қазақстанда 3D модельдеу саласын дамыту үшін қажетті ресурстар мен мүмкіндіктер жеткілікті. Университеттерде осы салаға арналған мамандықтар ашылып, студиялар мен лабораториялар құрылуда. Жастардың қызығушылығы жоғары болғандықтан, олардың осы қабілетін ашу арқылы әлемге танылуға болады. Әрбір 3D бойынша айналысатын маманның мақсаты – елімізде балаларға арналған қазақша контентті дамыту.

– Бір жерден «кіндігінің қаны тамған жерге, маңдайының тері тамсың» деген керемет сөз естіп едім. Әрбір әрекетіңізден ұлттық болмыс сезіліп тұр. Алдағы жоспарларыңызда да қазақы қалып бар ма?



– Бала күнімен бастап қазақтың бүкіл фольклорларын, жыр-дастандарын, ертегілерін әлемге танымал мультфильмдер сияқты ететін мықты анимациялық студияны құру арманым болып келеді. Бұл арманым 12 жасымнан басталды. Қазір мен Нархоз университетінде қызмет етіп келемін. Тұңғыш рет 3D графика бойынша анимацияға негізделген мамандық ашқым келіп жүр. Мен бұл мамандықтың бағдарламасының жетекшісі ретінде бекітілгенмін. Жоспарым құрып, сонымен қатар мен өзім жасаған арнайы курс авторымын. 3D графиканы үйрететін арнайы курсым осы саланы меңгергісі келетін жастарға арналған. Мақсаты – біздегі мамандар санын арттыру. Менің арманым – қазақтың бай мәдени мұрасын жаңа деңгейге көтеру. Қазақтың ертегілері мен дастандарын әлемге таныту үшін анимацияның күшін пайдаланғым келеді. Бұл мақсатқа жету үшін мен анимация саласында мықты мамандарды даярлауды көздеймін. Нархоз университетінде 3D графика бойынша анимацияға негізделген мамандық ашу – осы жолдағы алғашқы қадамым. Бұл мамандықтың бағдарламасын құру барысында әлемдік стандарттарға сай білім беруді мақсат еттім. Менің арнайы курсым 3D графиканы үйретісі келетін жастарға арналған. Бұл курс арқылы жастарға анимацияның қыр-сырын үйретіп, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектескім келеді. Курс барысында студенттер 3D модельдеу, анимация жасау, виртуалды эффектілерді қолдану сияқты дағдыларды меңгереді. Бұл дағдылар оларға болашақта анимация саласында табысты мансап құруға жол ашады.

Менің тағы бір мақсатым – қазақтың мәдени мұрасын сақтап, оны жаңа буынға жеткізу. Анимация арқылы біз қазақтың ертегілері мен дастандарын жаңа форматта ұсынып, оларды әлемге таныта аламыз. Бұл тек мәдениетімізді сақтап қана қоймай, оны дамытуға да үлес қосады. Қазақтың бай мұрасын әлемге таныту және оны жаңа деңгейге көтеру – менің ең үлкен армандарымның бірі.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

Меншік иесі:



Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғармасымен сәйкес келмейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарлауға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3514 Тапсырманы №1523

Немірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА